

## Қостанай облысының 2007 жылға арналған облыстық бюджеті туралы

Қостанай облысы мәслихатының 2006 жылғы 8 желтоқсандағы № 378 шешімі.

Қостанай облысы әділет департаментінде 2006 жылғы 11 желтоқсанда № 3557 тіркелді

*Ескерту. 2-1, 2-2, 2-3, 2-4, 2-5, 2-6, 2-7, 2-8, 2-9, 2-10, 2-11, 2-12, 2-13, 2-14, 3-1-тармақтармен толықтырылды - Қостанай облысы мәслихатының 2007.01.09 № 388 ; 2-15, 2-16, 2-17 тармақтармен толықтырылды - Қостанай облысы мәслихатының 2007.07.12 № 457 (2007.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімдерімен.*

"2007 жылға арналған республикалық бюджеті туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 2006 жылғы 8 желтоқсандағы № 194-III Заңын орындау үшін, "Қостанай облысының 2007 жылға арналған облыстық бюджеті туралы" Қостанай облыстық мәслихаты шешімінің жобасын Қостанай облыстың мәслихатының қарауына енгізу туралы" Қостанай облысы әкімдігінің 2006 жылғы 13 қазандағы № 349 қаулысын қарап, сондай-ақ "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабы 1-тармағының 1) тармақшасына сәйкес Қостанай облыстық мәслихаты **ШЕШТІ:**

1. Қостанай облысының 2007 жылға арналған облыстық бюджеті 1-қосымшаға сәйкес мынадай көлемдерде бекітілсін:

кірістер - 41 663 731 мың теңге, оның ішінде мыналар бойынша:

салықтық түсімдер - 1 327 566 мың теңге;

салықтық емес түсімдер - 199 593 мың теңге;

негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер - 9 343 мың теңге;

ресми трансферттердің түсімдері - 40 127 229 мың теңге;

шығындар - 42 394 394 мың теңге;

операциялық сальдо - - 730 663 мың теңге;

таза бюджеттік кредиттеу - - 346 314 мың теңге, оның ішінде:

бюджеттік кредиттер - 1 028 671 мың теңге;

бюджеттік кредиттерді өтеу - 1 374 985 мың теңге;

б) бюджет дефициті (профицит) - - 384 349 мың теңге;

7) дефициті қаржыландыру (бюджет профицитін пайдалану) - 384 349 мың теңге.

*Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда Қостанай облысы мәслихатының 2007.10.12 № 13 (2007.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен .*

2. Облыстық бюджеттік кірісіне есептелетіндер белгіленсін:

қоршаған ортаны ластағаны үшін төлем төлеу;

облыстық маңызы бар ақылы мемлекеттік автокөлік жолдарымен жүрген үшін

ж и ы н д а р ;

облыстық маңызы бар жалпы пайдаланғаны арналған автокөлік жолдарының бұру жолағындағы сыртқы (көрнекі) жарнамаларды орналастырғаны үшін төлем;  
жер үсті көздеріндегі су ресурстарын пайдаланғаны үшін төлем;  
орманды пайдаланғаны үшін төлем;  
жергілікті маңызы бар айрықша қорғалатын табиғи аумақтарды пайдаланғаны үшін төлем ;

коммуналдық меншіктен түсетін кірістер;  
облыс әкімдігінің шешімі бойынша құрылған мемлекеттік коммуналдық кәсіпорындардың таза кіріс бөлігінің түсімдері;

облыстық коммуналдық меншікке жататын мемлекеттік акциялар пакеттеріне түсетін дивидендтер ;

облыстық коммуналдық меншікке кіретін заңды тұлғалардың қатысу үлесінің кірістері ;

облыстық коммуналдық меншікті жалға беруден түсетін түсімдер;  
облыстық бюджеттен берілген кредиттер бойынша сыйақылар (мүдделер);  
уақытша бос бюджеттік ақшаларын депозиттерге орналастыруынан түскен сыйақылар (мүдделер) ;

облыстық коммуналдық меншіктен түсетін басқа да кірістер;  
облыстық бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелердің тауарларын (жұмыстар, қызметтер) іске асырудан түсетін түсімдер;

облыстық бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелермен ұйымдастырылатын мемлекеттік сатып алулары өткізуден түсетін түсімдер;

облыстық бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелермен салынатын айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, төлетулер;

облыстық бюджетке түсетін басқа да салықтық емес түсімдер;  
облыстық бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелерге бекітілген мемлекеттік мүлікті сатудан түсетін ақша облыстық бюджетке негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер болып табылады.

Облыстық коммуналдық меншікке жататын мемлекеттік қаржы активтерін сатудан алынатын түсімдер облыстық бюджетке аударылады.

2-1. 2007 жылға арналған облыстық бюджетте республикалық бюджеттен ағымдағы нысаналы трансферттердің 909 257 мың теңге сомасында түсуі ескерілсін, оның ішінде :

жергілікті атқарушы органдардың мемлекеттік тапсырысы негізінде кәсіптік орта оқу орындарында оқитын студенттердің стипендияларын төлеуге - 107 964 мың теңге;  
жергілікті атқарушы органдардың мемлекеттік тапсырысы негізінде кәсіптік орта оқу орындарында оқып жатқандар үшін жол жүруге өтемақы төлеуге - 17 756 мың теңге ;

денсаулық сақтаудың жаңадан пайдалануға берілетін объектілерін ұстауға - 41 367

м ы ң т е ң г е ;

дәрі-дәрмек құралдарын, вакциналарды және басқа иммундық-биологиялық препараттарды сатып алуға - 529 138 мың теңге;

Қазақстан Республикасындағы қарсы күрес және оның алдың алу жөніндегі іс-шараларын іске асыруға - 13 199 мың теңге;

жергілікті деңгейдегі қан орталықтарын материалдық-техникалық жарақтандыруға - 1 0 6 8 0 7 мың теңге ;

мүгедектерді оңалту жеке бағдарламасына сәйкес мұқтаж мүгедектерді арнайы гигиеналық құралдармен қамтамасыз етуге және ымдау тілі мамандарының, жеке көмекшілердің қызмет көрсетуіне - 32 781 мың теңге;

қалалық телекоммуникация желілерінің абоненттері болып табылатын, әлеуметтік жағынан қорғалатын азаматтардың телефон үшін абоненттік төлем тарифінің көтерілуін өтеуге - 3 581 мың теңге;

ауыз сумен қамтамасыз етудің көздері болып табылатын сумен қамтамасыз етудің аса маңызды топтық жүйелерінен ауыз су беру жөніндегі қызметтердің құнын субсидиялауға - 28 232 мың теңге;

2006 жылы бөлінген көші-қон полициясының қосымша штаттық санын ұлғайтуға - 1 6 4 0 1 мың теңге .

Көрсетілген трансферттерді бөлу Қостанай облысы әкімдігінің қаулысы негізінде жү з е г е а с ы р ы л а д ы .

*Ескерту. 2-1 тармағы өзгерту енгізілді Қостанай облысы мәслихатының 2007.07.12 № 457 (2007.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен .*

2-2. Облыстық бюджеттің бағдарламалары бойынша 3 079 833 мың теңге сомасында ауыл шаруашылығын дамытуға бағытталған субсидияларға республикалық бюджеттен ағымдағы нысаналы трансферттер түсуі ескерілсін, оның ішінде:

тұқым шаруашылығын дамытуды қолдауға - 195 547 мың теңге;

асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуға - 209 450 мың теңге;

өсімдік шаруашылығы өнімділігінің түсімділігі мен сағасын арттыруға, Қазақстан Республикасының үкіметі белгілейтін басымды дақылдар бойынша көктемгі - егіс және астық жинау жұмыстарын жүргізу үшін қажетті жанар - жағар материалдар мен басқа да тауарлық - материалдық құндылықтардың құнын арзандатуға-2 466 000 мың теңге;

ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілерге су жеткізу жөніндегі қызметтердің құнын субсидиялауға - 2 775 мың теңге;

мал шаруашылығы өнімдерінің өнімділігін және сағасын арттыруын субсидиялауға - 2 0 6 0 6 1 мың теңге .

2-3. 2007 жылға арналған облыстық бюджетте республикалық бюджеттен жалпы сомасы 111 697 мың теңге бюджет түсімдері шығынын өтеуге нысаналы ағымдағы

трансферттер түскендігі есептелсін, оның ішінде:

2007 жылдың 1 қаңтарынан бастап барлық жеке тұлғаларға жеке табыс салығының 10 пайыздық бекітілген мөлшерлемесінің енгізілуіне және салық салған кезде кірістерден айлық есептік көрсеткіш орнына төменгі еңбекақыны шығарып тастауға байланысты - 99 578 мың теңге;  
ойын бизнесіне акциздер бойынша - 12 119 мың теңге.

*Ескерту. 2-3 тармақ жаңа редакцияда - Қостанай облысы мәслихатының 2007.07.12 № 457 (2007.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен .*

2-4. 2007 жылға арналған облыстық бюджетте Қазақстан Республикасының 2005-2010 жылдарға арналған білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламасын іске асыруға 1 319 060 мың теңге сомасында республикалық бюджеттен берілетін ағымдағы нысаналы трансферттердің түсуі ескерілсін, оның ішінде:

жалпы орта білім беретін мемлекеттік мекемелерінде физика, химия, биология кабинеттерін оқу құралдарымен қамтамасыз етуге - 84 601 мың теңге;

арнайы (түзету) білім беру ұйымдарын арнаулы техникалық және орнын толтыру құралдарымен қамтамасыз етуге - 6 462 мың теңге;

жалпы орта білім беретін мемлекеттік мекемелердің үлгі штаттарын ұстауды қамтамасыз етуге - 630 081 мың теңге;

білім берудің жаңадан енгізілген объектілерін ұстауға - 290 990 мың теңге;

тамақтануды, тұруды және балаларды тестілеу пункттеріне жеткізуді ұйымдастыруға - 7 250 мың теңге;

жалпы орта білім берудің мемлекеттік мекемелерін Интернет желісіне қосуға және олардың трафигін төлеуге - 44 580 мың теңге;

жалпы орта білім берудің мемлекеттік мекемелеріне кітапханалық қорларын жаңарту үшін оқулық пен оқу-әдістемелік кешенін сатып алуға және жеткізуге - 67 899 мың теңге;

жалпы орта білім берудің мемлекеттік мекемелері үшін лингафондық және мультимедиялық кабинеттер жасауға - 138 723 мың теңге;

жалпы бастауыш кәсіби білім беретін мемлекеттік мекемелердің материалдық-техникалық базасын нығайтуға - 17 881 мың теңге;

облыстық (қалалық) педагог кадрларының біліктілігін арттыру институттарының педагог қызметкерлерін қайта даярлауға және олардың біліктілігін арттыруға - 25 984 мың теңге;

облыстық (қалалық) педагог кадрларының біліктілігін арттыру институттарының материалдық-техникалық базасын нығайтуға - 4 600 мың теңге.

Көрсетілген трансферттерді бөлу Қостанай облысы әкімдігінің қаулысы негізінде жүзеге асырылады .

2-5. 2007 жылға арналған облыстық бюджетте Қостанай облысының көлік-коммуникациялық саланың техникалық және қызмет көрсету персоналы кадрларын даярлау және қайта даярлау жөніндегі өңіраралық орталығының материалдық-техникалық базасын нығайтуға облыстық бюджет бағдарламалары бойынша республикалық бюджеттен 14 449 мың теңге сомасында ағымдағы нысаналы трансферттердің түсуі ескерілсін.

2-6. 2007 жылға арналған облыстық бюджетте орта білім беретін мемлекеттік ұйымдардың кітапханалық қорларын жаңарту үшін мемлекеттік тілді оқыту жөніндегі оқу, анықтама және электронды әдебиетін сатып алуға және жеткізуге республикалық бюджеттен 17 095 мың теңге сомасындағы ағымдағы нысаналы трансферттер түсуі ескерілсін.

Көрсетілген трансферттерді бөлу Қостанай облысы әкімдігінің қаулысы негізінде жүзеге асырылады.

2-7. 2007 жылға арналған облыстық бюджетте электронды үкімет шеңберінде адами капиталын дамытуға республикалық бюджеттен 109 656 мың теңге сомасында ағымдағы трансферттер түсуі ескерілсін.

Көрсетілген трансферттерді бөлу Қостанай облысы әкімдігінің қаулысы негізінде жүзеге асырылады.

2-8. 2007 жылға арналған облыстық бюджетте Қазақстан Республикасының денсаулық сақтауды қалыптастыру және дамытудың 2005-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыруға республикалық бюджеттен облыстық бюджет бағдарламалары бойынша 1 934 728 мың теңге жалпы сомасында ағымдағы нысаналы трансферттердің түсуі ескерілсін, оның ішінде:

мемлекеттік тапсырыс шеңберінде кәсіптік орта білім беру ұйымдарында оқыту және қосымша қабылдау құнының өсуі жөніндегі шығындарды өтеуге - 796 мың теңге;

медицина кадрларын, сондай-ақ денсаулық сақтау саласындағы менеджерлердің біліктілігін арттыру мен қайта даярлауға - 9 606 мың теңге;

созылмалы ауруларды амбулаториялық емдеу кезінде диспансерлік есепте тұрған балалар мен жасөспірімдерді дәрілік заттармен қамтамасыз етуге - 81 653 мың теңге;

азаматтардың жекелеген санаттарын амбулаториялық емдеу деңгейінде жеңілдікті жағдайларда дәрілік заттармен қамтамасыз етуге - 90 542 мың теңге;

бастапқы медициналық санитарлық көмектің медициналық ұйымдарын штаттық нормативтерге сәйкес медициналық кадрлармен қамтамасыз ету және жалпы практикадағы дәрігерлердің жүйесін дамытуға - 263 854 мың теңге;

жанадан құрылатын ақпараттық-талдау орталықтарының қызметін қамтамасыз етуге - 3 128 мың теңге;

байқау эпидемиологиялық қадағалауды жүргізу үшін тест-жүйелерін сатып алуға -  
7 1 8 м ы ң т е ң г е ;  
емдеудің амбулаторлық деңгейіндегі 5 жасқа дейінгі балаларды дәрі-дәрмекпен  
қамтамасыз етуге - 29 897 мың теңге;  
жүкті әйелдерді құрамында темір және йоды бар препараттармен қамтамасыз етуге  
- 2 7 1 9 2 м ы ң т е ң г е ;  
азаматтардың жекелеген санаттарын алдын ала медициналық тексеруді жүзеге  
асыруға - 2 2 2 8 8 4 м ы ң т е ң г е ;  
жергілікті деңгейде медициналық денсаулық сақтау ұйымдарын  
материалдық-техникалық жарақтандыруға - 1 204 458 мың теңге;

2-9. 2007 жылға арналған облыстық бюджетте мемлекеттік басқару деңгейлері арасындағы өкілеттіктердің аражігін ажырату шеңберінде әкімшілік функцияларға берілетін 70 522 мың теңге сомасында ағымдағы нысаналы трансферттер түсуі ескерілсін, оның ішінде:  
облыстың ауыл шаруашылығы департаменті 18 881 мың теңге сомасында;  
Облыстың мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылауы басқармасы 5 791 мың теңге;  
облыстың жер қатынастары басқармасы 45 850 мың теңге сомасында.  
Көрсетілген трансферттерді бөлу Қостанай облысы әкімдігінің қаулысы негізінде жүзеге асырылады.

2-10. 2007 жылға арналған облыстық бюджетте облыстық маңыздағы автомобиль жолдарын күрделі жөндеуге республикалық бюджеттен 643 000 мың теңге сомасында ағымдағы нысаналы трансферттер түсуі ескерілсін.

*Ескерту. 2-10 тармақ өзгерту енгізілді - Қостанай облысы мәслихатының 2007.07.12 № 457 (2007.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен .*

2-11. 2007 жылға арналған облыстық бюджетте Қазақстан Республикасының ауылдық аумақтарды дамытудың 2004-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыру шеңберінде әлеуметтік инфрақұрылымды дамыту мен нығайтуға, сондай-ақ білім беру мен денсаулық сақтаудың аса маңызды объектілерін салуға 2 617 455 мың теңге сомасында ағымдағы нысаналы трансферттер түсімі ескерілсін .

Ауылдық (селолық) жерлердің білім беру, денсаулық сақтау және сумен қамтамасыз ету объектілер, сондай-ақ дамытуға арналған белгіленген нысаналы трансферттер қаражаты есебінен 2007 жылы салу мен қайта жаңартуға жататын қалалардағы білім беру және денсаулық сақтаудың аса маңызды объектілер тізбесі Қостанай облысы әкімдігінің қаулысымен белгіленеді.

Көрсетілген трансферттерді бөлу Қостанай облысы әкімдігінің қаулысы негізінде

ж ү з е г е а с ы р ы л а д ы .

*Ескерту. 2-11 тармақ өзгерту енгізілді - Қостанай облысы мәслихатының 2007.07.12 № 457 (2007.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен .*

2-13. 2007 жылға арналған облыстық бюджетте Қазақстан Республикасында 2005-2007 жылдарға арналған тұрғын -үй құрылысының мемлекеттік бағдарламасын іске асыруға инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды дамытуға және қалыптастыруға облыстық бюджетті дамытуға 1 305 000 мың теңге сомасындағы ағымдағы нысаналы трансферттер ескерілсін.

Көрсетілген трансферттерді бөлу Қостанай облысы әкімдігінің қаулысы негізінде ж ү з е г е а с ы р ы л а д ы .

2-14. 2007 жылға арналған облыстық бюджетте Қазақстан Республикасындағы тұрғын - үй құрылысын дамытудың 2005-2007 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыру шеңберінде қызықтырудың (мүдденің) нөлдік мөлшерлеме бойынша құрылысқа кредит беруге 1028671 мың теңге сомасында қаражат қарастырылсын, оның ішінде:

республикалық бюджет қаражаты есебінен 370 000 мың теңге;  
облыстық бюджет қаражаты есебінен 658 671 мың теңге.

Кредитті бөлу Қостанай облысы әкімдігінің қаулысы негізінде жүзеге асырылады.

2-15. 2007 жылға арналған облыстық бюджетте білім берудің мемлекеттік жүйесіне интерактивті оқыту жүйесін енгізуге берілетін 72 787 мың теңге сомасында республикалық бюджеттен нысаналы трансферттер түскені есептелсін.

Көрсетілген трансферттерді бөлу Қостанай облысы әкімдігінің қаулысы негізінде ж ү з е г е а с ы р ы л а д ы .

2-16. 2007 жылға арналған облыстық бюджетте облыстардың немесе аудандардың (облыстық маңыздағы қалалардың) коммуналдық меншігіндегі жылу желілерін пайдалануды ұйымдастыру үшін Арқалық қаласына 500 000 мың теңге сомасында нысаналы трансферттер түскені есептелсін.

2-17. 2007 жылға арналған облыстық бюджетте ормандарды сақтау, қорғау, молайту және орман өсіру қызметін қамтамасыз ету берілетін 300 000 мың теңге сомасында нысаналы трансферттер түскені есептелсін.

3. 2007 жылға арналған облыстық бюджетте облыстық бюджеттен аудандар мен қалалар бюджеттеріне берілетін субвенциялардың мөлшері 5 171 506 мың теңге сомасында қарастырылсын, оның ішінде:  
Алтынсарин - 217 767 мың теңге;



Амангелді	-	385	487	мың	теңге;
Әулікөл	-	556	928	мың	теңге;
Денисов	-	269	373	мың	теңге;
Жангелдин	-	410	532	мың	теңге;
Жітіқара	-	17	124	мың	теңге;
Қамысты	-	261	210	мың	теңге;
Қарабалық	-	196	942	мың	теңге;
Қарасу	-	375	277	мың	теңге;
Қостанай	-	308	008	мың	теңге;
Меңдіқара	-	332	286	мың	теңге;
Науырзым	-	269	928	мың	теңге;
Сарыкөл	-	281	381	мың	теңге;
Таран	-	240	642	мың	теңге;
Ұзынкөл	-	322	497	мың	теңге;
Федоров	-	316	038	мың	теңге;

Арқалық қаласына - 410 086 мың теңге.

3-1. 2007 жылға арналған облыстық бюджетте облыстық бюджетке облыстық маңыздағы аудандар, қалалар бюджеттерінен нысаналы трансферттер қайтарылуы 5-қосымшаға сәйкес қарастырылған.

*Ескерту. 3-1-тармақпен толықтырылды - Қостанай облысы мәслихатының 2007.01.09 № 388 (2007.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.*

4. 2007 жылға арналған облыстық бюджетте аудандардың, қалалардың бюджеттерінен облыстық бюджетке түсетін бюджеттік алынымдардың мөлшері 6 927 455 мың теңге сомасында қарастырылсын, оның ішінде:

Қостанай қаласы	-	3	961	476	мың	теңге;
Лисаков қаласы	-	243	573		мың	теңге;

Рудный қаласы - 2 722 406 мың теңге.

5. Жергілікті бюджеттерде мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмекті төлеуге қарастырылған қаражат есебінен тұрмысы төмен отбасылардағы 18 жасқа дейінгі балаларға мемлекеттік жәрдемақы төлеуге кемінде 398 500 мың теңге сомасындағы шығындар, оның ішінде республикалық бюджеттен алынған трансферттер есебінен - 262 200 мың теңге, аудандар, қалалар бюджеті қаражаты есебінен - 136 300 мың теңге 2-қосымшаға сәйкес қарастырылуы қажет екені ескерілсін.

Көрсетілген сомалардың аудандар (облыстық маңыздағы қалалар) бюджеттеріне бөлінуі Қостанай облыстық мәслихатының шешімі негізінде белгіленеді.

6. 2007 жылға арналған облыстық бюджеттің кірістерінде республикалық бюджеттен мемлекеттік қызметшілердің, мемлекеттік қызметшілер болып табылмайтын мемлекеттік мекемелер қызметкерлерінің және қазыналық кәсіпорындары қызметкерлерінің еңбекақысын төлеуге 5 204 640 мың теңге сомасында



нысаналы ағымдағы трансферттер қарастырылғаны есептелсін. Көрсетілген трансферттер облыстық бюджетке еңбекақыны көтеруге және аударымдарға 3 377 749 мың теңге және аудандар (облыстық маңыздағы қалалар) бюджеттеріне 1 826 891 мың теңге нысаналы ағымдағы трансферттер бағытталды, оның ішінде:

Алтынсарин	-	53	923	мың	теңге;
Амангелді	-	68	205	мың	теңге;
Әуликөл	-	137	090	мың	теңге;
Денисов	-	87	905	мың	теңге;
Жангелдин	-	67	922	мың	теңге;
Жітіқара	-	191	639	мың	теңге;
Қамысты	-	31	875	мың	теңге;
Қарабалық	-	96	758	мың	теңге;
Қарасу	-	90	286	мың	теңге;
Қостанай	-	101	039	мың	теңге;
Меңдіқара	-	124	314	мың	теңге;
Науырзым	-	52	667	мың	теңге;
Сарыкөл	-	91	200	мың	теңге;
Таран	-		905	мың	теңге;
Ұзынкөл	-	79	026	мың	теңге;
Федоров	-	86	521	мың	теңге;
Арқалық қаласына	-	99	223	мың	теңге;
Қостанай қаласына	-	307	648	мың	теңге;
Лисаков қаласына	-	58	745	мың	теңге.

*Ескерту. 6-тармақ жаңа редакцияда - Қостанай облысы мәслихатының 2007.07.12 № 457 (2007.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен .*

7. 2007 жылға арналған облыстық бюджетте ауылдық жерлерде жұмыс істеу үшін жиырма бес пайыз мөлшерінде көтермелеуді төлеуге шығындар қарастырылсын.

8. 2007 жылға арналған облыстық бюджетте аудандар мен қалалар бюджеттеріне нысаналы ағымдағы трансферттер 984 579 мың теңге сомасында қарастырылғаны е с к е р і л с і н .

*Ескерту. 8-тармақ жаңа редакцияда - Қостанай облысы мәслихатының 2007.04.03 № 428 шешімімен; 8-тармақ өзгерту енгізілді - Қостанай облысы мәслихатының 2007.07.12 № 457 , 2007.10.12 № 13 (2007.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімдерімен .*

9. Қостанай облысының жергілікті атқарушы органдарының 2007 жылға арналған резерві 1 705 мың теңге сомасында бекітілсін, оның ішінде: соттар шешімдері бойынша міндеттемелерді орындауға - 1 705 мың теңге.

*Ескерту. 9-тармақ жаңа редакцияда - Қостанай облысы мәслихатының 2007.10.12 № 13 (2007.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен .*

10. Қостанай облысының жергілікті атқарушы органы қарызының лимиті 2007 жылдың 31 желтоқсанына 3 430 050 мың теңге мөлшерінде бекітілсін.

11. 2007 жылға арналған облыстық бюджетті дамытудың бюджеттік бағдарламалар Тізбесі бюджеттік инвестициялық жобаларды (бағдарламаларды) іске асыруға және заңды тұлғалардың жарғы капиталын қалыптастыруға немесе көбейтуге бағытталған бюджеттік бағдарламаларға бөлініп, 3-қосымшаға сәйкес бекітілсін.

12. 2007 жылға арналған жергілікті бюджетті орындау процесінде секвестрлеуге жатпайтын бюджеттік бағдарламалардың тізбесі 4-қосымшаға сәйкес бекітілсін.

13. Осы шешім 2007 жылдың 1 қаңтарынан бастап күшіне енеді.

*Қостанай облыстық мәслихаты  
он жетінші кезекті сессиясының  
төрағасы, Қостанай облыстық*

*мәслихатының хатшысы*

**М ә с л и х а т т ы ң**

**2 0 0 6**

**ж ы л ғ ы**

**8**

**ж е л т о қ с а н д а ғ ы**

**№ 378 шешіміне 1-қосымша**

*Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда - Қостанай облысы мәслихатының 2007.10.12 № 13 (2007.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен .*

**2007 жылға арналған 2007 жылға арналған облыстық бюджет**

Санат				Сомасы, мың теңге
Сынып				
Кіші сынып				
Атауы				
<b>I. КІРІСТЕР</b>				<b>41663731</b>
<b>01</b>			<b>Салықтық түсімдер</b>	<b>1327566</b>
	5		Тауарларға, жұмыстарға және қызметке ішкі салықтар	1327566
		3	Табиғи және басқа да ресурстарды пайдаланғаны үшін түсетін түсімдер	1327502
		4	Кәсіпкерлік және кәсіби қызметті жүргізгені үшін алынатын алымдар	64
<b>02</b>			<b>Салықтық емес түсімдер</b>	<b>199593</b>
	1		Мемлекеттік меншіктен түсетін түсімдер	585
		1	Мемлекеттік кәсіпорындардың таза кірісі бөлігіндегі түсімдер	519
		6	Бюджет қаражатын банк шоттарына орналастырғаны үшін сыйақылар (мүдделер)	63
		7	Мемлекеттік бюджеттен берілген кредиттер бойынша сыйақылар (мүдделер)	3
	2		Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелердің тауарларды (жұмыстарды, қызмет көрсетулерді) өткізуінен түсетін түсімдер	1409

	1		Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелердің тауарларды (жұмыстарды, қызмет көрсетулерді) өткізуінен түсетін түсімдер	1409
	3		Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер ұйымдастыратын мемлекеттік сатып алуды өткізуден түсетін ақша түсімдері	208
	1		Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер ұйымдастыратын мемлекеттік сатып алуды өткізуден түсетін ақша түсімдері	208
	4		Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бюджетінен (шығыстар сметасынан) ұсталатын және қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер салатын айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар	194426
	1		Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бюджетінен (шығыстар сметасынан) ұсталатын және қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер салатын айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар	194426
	6		Басқа да салықтық емес түсімдер	2965
	1		Басқа да салықтық емес түсімдер	2965
<b>03</b>			<b>Негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер</b>	<b>9343</b>
	1		Мемлекеттік мекемелерге бекітілген мемлекеттік мүлікті сату	9343
	1		Мемлекеттік мекемелерге бекітіп берілген мемлекеттік мүлікті сату	9343
<b>04</b>			<b>Трансферттердің түсімдері</b>	<b>40127229</b>
	1		Төмен тұрған мемлекеттік басқару органдарынан алынатын трансферттер	6954377
	2		Аудандық (қалалық) бюджеттерден алынатын трансферттер	6954377
	2		Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер	33172852
	1		Республикалық бюджеттен түсетін трансферттер	33172852
<b>Функционалдық топ</b>				<b>Сомасы, мың теңге</b>
	<b>Функционалдық кіші топ</b>			
	<b>Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі</b>			
	<b>Бағдарлама</b>			
	<b>Атауы</b>			
			<b>II. ШЫҒЫНДАР</b>	<b>42394394</b>
<b>01</b>			<b>Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер</b>	<b>581391</b>
	1		Мемлекеттік басқарудың жалпы функцияларын орындайтын өкілді, атқарушы және басқа органдар	367118
		110	Облыс мәслихатының аппараты	29536

		001	Облыс мәслихатының қызметін қамтамасыз ету	29536
	120		Облыс әкімінің аппараты	337582
		001	Облыс әкімнің қызметін қамтамасыз ету	337582
2			Қаржылық қызмет	126241
	257		Облыстық қаржы департаменті (басқармасы)	126241
		001	Қаржы департаментінің (басқармасының) қызметін қамтамасыз ету	74044
		009	Коммуналдық меншікті жекешелендіруді ұйымдастыру	2934
		010	Коммуналдық меншікке түскен мүлікті есепке алу, сақтау, бағалау және сату	882
		113	Жергілікті бюджеттерден алынатын трансферттер	48381
5			Жоспарлау және статистикалық қызмет	88032
	258		Облыстық экономика және бюджеттік жоспарлау департаменті (басқармасы)	88032
		001	Экономика және бюджеттік жоспарлау департаментінің (басқармасының) қызметін қамтамасыз ету	88032
<b>02</b>			<b>Қорғаныс</b>	<b>81080</b>
	1		Әскери мұқтаждар	15516
	250		Облыстық жұмылдыру дайындығы, азаматтық қорғаныс, авариялар мен дүлей апаттардың алдын алуды және жоюды ұйымдастыру департаменті (басқармасы)	15516
		003	Жалпыға бірдей әскери міндетті атқару шеңберіндегі іс-шаралар	10359
		007	Аумақтық қорғанысты дайындау және облыстық ағымдағы аумақтық қорғаныс	5157
2			Төтенше жағдайлар жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру	65564
	250		Облыстық жұмылдыру дайындығы, азаматтық қорғаныс, авариялар мен дүлей апаттардың алдын алуды және жоюды ұйымдастыру департаменті (басқармасы)	65564
		001	Облыстық жұмылдыру дайындығы, азаматтық қорғаныс, авариялар мен дүлей апаттардың алдын алуды және жоюды ұйымдастыру департаменті (басқармасы) қызметін қамтамасыз ету	15654
		004	Облыстық ағымдағы азаматтық қорғаныстық іс-шаралары	13818
		006	Облыстық ағымдағы төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою	36092
<b>03</b>			<b>Қоғамдық тәртіп, қауіпсіздік, құқық, сот, қылмыстық-атқару қызметі</b>	<b>2169712</b>
	1		Құқық қорғау қызметі	2169712
	252		Облыстық бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы ішкі істер органы	2169712
		001		2084625

			Облыстық бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы ішкі істер органының қызметін қамтамасыз ету	
		002	Облыс аумағында қоғамдық тәртіпті қорғау және қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету	84911
		003	Қоғамдық тәртіпті қорғауға қатысатын азаматтарды көтермелеу	176
<b>04</b>			<b>Білім беру</b>	<b>5772043</b>
	2		Жалпы бастауыш, жалпы негізгі, жалпы орта білім беру	2309918
		260	Облыстық дене шынықтыру және спорт басқармасы (бөлімі)	492434
		006	Балалар мен жеткіншектерге спорт бойынша қосымша білім беру	492434
		261	Облыстық білім беру департаменті (басқармасы)	1817484
		003	Арнайы оқыту бағдарламалары бойынша жалпы білім беру	463447
		004	Орта білім жүйесін ақпараттандыру	68530
		005	Білім берудің мемлекеттік облыстық ұйымдары үшін оқулықтар сатып алу және жеткізу	14940
		006	Мамандандырылған білім беру ұйымдарында дарынды балаларға жалпы білім беру	186626
		007	Облыстық ағымда мектеп олимпиадаларын және мектептен тыс іс-шараларды өткізу	25693
		013	Жалпы орта білім беретін мемлекеттік мекемелердегі физика, химия, биология кабинеттерін оқу жабдықтармен қамтамасыз етуге аудандар (облыстық маңыздағы қалалар) бюджеттеріне ағымдағы нысаналы трансферттер	84601
		017	Жалпы орта білім берудің мемлекеттік мекемелерінің үлгі штаттарын ұстауды қамтамасыз етуге аудандар (облыстық маңызы бар қалалар) бюджеттеріне ағымдағы нысаналы трансферттер	630081
		019	Жалпы орта білім берудің мемлекеттік мекемелерін Интернет желісіне қосуға және олардың трафигін төлеуге аудандар (облыстық маңызы бар қалалар) бюджеттеріне ағымдағы нысаналы трансферттер	43875
		020	Жалпы орта білім берудің мемлекеттік мекемелеріне кітапханалық қорларын жаңарту үшін оқулық пен оқу-әдістемелік кешенін сатып алуға және жеткізуге аудандар (облыстық маңызы бар қалалар) бюджеттеріне ағымдағы нысаналы трансферттер	64261
		021	Жалпы орта білім берудің мемлекеттік мекемелері үшін лингафондық және мультимедиялық кабинеттер жасауға аудандар (облыстық маңызы бар қалалар) бюджеттеріне ағымдағы нысаналы трансферттер	138723
		022	Аудандық (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттерге тамақтануды, тұруды және балаларды тестілеу пункттеріне жеткізуді ұйымдастыруға берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер	7250

